

Аймақтық ақындар айтысы өтті

Ұлыстың ұлы күні мен жерлесіміз, Халық ақыны Қонысбай Әбілдің 65 жылдық мерейтойына орай, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Жастар жылы шеңберінде Арқалық қалалық Мәдениет сарайының ұйымдастыруымен «Бабадан қалған байтағым!» атты аймақтық ақындар айтысы өтті.

Шараның мақсаты дүлдүл ақын Қонысбай Әбілдің айтыс өнеріндегі шығармашылық мұрасын тілге тиек ете отырып, жас ақындарымыздың өрелі өнері мен өрнекті сөздерін байытып, қазақтың төл өнері арқылы ақындарымыздың тапқырлық, өткірлігін шыңдап, қолдау көрсету болып табылады.

Биылғы айтыстың жылдағыдан бір ерекшелігі - жыр додасы екі күнге созылды. Бірінші күнгі сөз сайысының іріктеу кезеңіне облыстық, республикалық ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпаздары, яғни көршілес аудандар мен облыстардан қанаттарын кеңге жайып келе жатқан 14 үміткер



қатысты. Келесі күнгі айтысқа іріктеуден сүрінбей өткен 12 ақын жолдама алып, өзара бақ сынасты. Нәтижесінде сөз саптау шеберлігі мен тақырыптың ашылуын саралай келе жеңімпаздар анықталды. Аймақтық айтысқа қатысқан барлық жас ақындар марапатталып, ақшалай сыйлық табысталды. Атап айтқанда: 3 орынға Рудный қаласының ақыны Ғалымгерей Кенжерозин, Астана қаласынан келген жерлесіміз Тоба Өтепбаев және жас та болса таланттымен елдің қошеметіне

бөленіп жүрген Айбар Рағатов, ал 2 орынды Таран ауданының ақыны Мамай Ізтілеуов иеленді. 1 орын өңіріміздің мақтанышы Сағынтаев Батырланға бұйырды. Ең үздік «Бас жүлде» айтысқа алғаш рет шығып, кестелі сөзімен, өткір жауабымен халықтың ыстық ықыласына бөленген Дания Сәтбекқызының қанжығасына байланды.

Замзагүл АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,
Арқалық қалалық Мәдениет сарайының Әдебиет бөлімінің меңгерушісі